



## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**22 мамыр, 2018**  
**қаласы**

**Алматы**

### **Мобильді журналистика 2020 жылы БАҚ басты құралы болуы мүмкін**

22-24-ші мамыр аралығында Алматы қаласындағы The Ritz-Carlton қонақүйінде он бесінші Еуразия Медиа форумы өтеді. 2002-ші жылдан басталған Халықаралық байланыс алаңы өзінің ақпараттық кеңістігінде биыл да 60 елден және әлемнің әрбір континентінен келген, 500 делегаттарды жиналады.

Іс-шараның кеңейтілген бағдарламасы толығымен үш күнді қамтып, көптеген маңызды тақырыптар қарастырылады. Сондай-ақ, форумда 50 - ге жуық халықаралық және қазақстандық эксперттер, мемлекеттік қайраткерлер, саясаткерлер, БАҚ өкілдері спикерлері ретінде сөз сөйлейді.

Аталмыш шараның бірінші күні «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен, нон-стоп режимінде өтетін авторлық шеберлік кластармен қамтылған. Алыс-жақын шетелден келген сарапшылар кәсіби журналистика мен медиа-нарықтағы актуальды тақырыптарды қозғады.

Іс-шара бағдарламасын «#Hashtag our stories» компаниясының негізін алаушы Юсуф Омарға (Ұлыбритания) ашып берді. Юсуф Омар “Мобильді журналистикадан әлеуметтік виртуалдық шындыққа дейін” тақырыбында өзінің авторлық мастер-классын ұсынады. Спикер, жаңа заманғы технология-қолжетімді, жылдам интернет, және смартфондар-медиа мен

журналистика жайлы ұғымды қалай өзгертіп жатқандығы жайлы айтып береді. Спикердің пікірінше, 2020-шы жылға қарай дәл осы мобильдік контент ақпарат жеткізудің негізгі тәсілі болып қалады. Юсуф Омар «мобильді журналистика адамдарға контент даярлауға, ал сығылған видеоформат әлем бойынша танымалдылыққа айналады»-деп отыр.

Спикер, «мобильдік журналистика контент жасау мен онымен жұмыс істеуге арналған құралдар саны көбірек болады» деп санайды.

Фейс-фильтрлер, сторис және хэштегтердің көмегімен бүкіл әлем контент жасаушы болып табылады. Дәл осы әлеуметтік желідегі контент журналистер үшін құраушы материал бола алады. весь мир становится создателем контента. Әрине, кез-келген ақпарат шындыққа жанасатындығын тексеруді талап етеді.

«Біз бүгінде жаңа қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Ал бұл жаңа қоғам үшін маңыздысы материалдағы виденің сапасы мен дыбысы емес тек қана ақпараттық тарауы мен оның қолжетімділігі болып табылады. Және дәл осы жаңа және негізгі строителлинг құралы болып табылады. Біздің қолданысымызда видео, фото, текстер бар. Ал, осы элементтердің барлығын ортақ бір форматқа айналдыруға болады», - деп атап өтті спикер.

Юсуф өз шеберлік класы барысында қатысушыларға мобильдік телефон арқылы видео-контентті дайындау әдісімен бөлісті. Осы орайда, атап өтер жәйт, спикер ақпараттық кеңісті қандай болмасына журналистік этика еш өзгеріссіз қалатындығына ерекше тоқтап өтті.

Қарулы қақтығыстар, ұрыс қимылдары, террорға қарсы операциялар. Осындай жантүршігерлік оқиғалар әскери тілшілердің күнделікті жұмысының бір бөлігі болып табылады. “Отты аймақ» тақырыбы бойынша, әскери журналист, документалист, британдық BBC корпорациясында 14 жыл қызмет еткен Шахида Төлегенова (Ұлыбритания) өзінің мол тәжірибесімен бөліседі. “Қақтығыс аумағынан репортаж”

тақырыбы бойынша шеберлік дәрісін өткізген ол осы жұмыс барысында тұрақты армия және қарулы топтармен жұмыс, әскери репортаждың өз ерекшелігі, жеке басқа қауіп, психологиялық жарақат жайлы айтып берді.

Шахида өзінің осындай ауыр материалдар даярлағаннан кейін екі апта бойы өз-өзіне келе алмай жүретіндігін айтты. Соған қарамастан ды екен.

«Біржақтылықты ұстану әрқашан өте оңай. Ал біздің басты мақсатымыз –мұндай жағдайды болдырмау болып табылады. Мен журналистерге үнемі: тек қана өз көзіңмен көрген дүниенді айтуға тиіссің деп айтамын. Соғыс тактикасы мен қарулы қақтығыс, негізінен біздің жұмысымыз емес. Біз тек қана адамдар жайлы айтуымыз қажет»-деп санайды Шахида ханым.

Шахида Төлегенова өзінің “Отты аймақтағы” жұмысы жайлы айтқан кезде соғыс аумағынан көп фейк ақпарат таралатынын, сондықтан да кез-келген мәліметтерді нақтылап тексеру қажеттігін атап өтті. Шахиданың пікірінше, журналист айтқан әрбір сөз жағдайды жақсартуы да немесе керісінше шиеленістіріп жіберуі де мүмкін.

«Тіпті, Сирияда болған химиялық шабуыл туралы ақпараттың өзін нақтылап алу қажет. Бұл ақпаратты беруші агенттіктер қандай ақпарат көзіне сүйене отырып таратуда? Фактіні жете тексеру – журналистің негізгі міндеті», - дейді Шахида ханым.

Спикердің айтуынша, қазір көптеген әйел журналистер соғыс аумағында жұмыс істеп жүр. Оның пікірінше, әйелдер оқиғаны баяндағанда бейбіт тұрғындардың ахуалына ден қояды. Қиын жағдайға тап болған қарапайым адамдарды көбірек көрсетеді. Шахида «отты аймақтарда» журналистерге кейде дәрігер мен психолог болуына тура келетінін айтады. Ол сондай-ақ, әскери журналист мамандығының әрдайым сұранысқа ие болып қала беретінін мәлімдеді. Ш. Төлегенова «Бұл мамандық ешқашан жоғалмайды. Өйткені, соғыс бола береді» деген пікірде.

Айта кеткен жөн, Еуразия Медиа Форумының негізгі миссиясы Қазақстан, Еуразия және тұтас халықаралық қоғамдастықтың

геосаяси, экономикалық, социомәдени дамуына қатысты көкейкесті мәселелер бойынша саясаткерлер, журналистер және сарапшылардың еркін әрі ашық диалог жүргізуіне жағдай туғызу болып табылады.

Форум алғаш рет өткізілген уақыттан бері Қазақстанға 6000-нан астам шетелдік қатысушы келді. Олардың арасында саясаткерлер, саясаттанушылар, Нобель сыйлығының иегерлері, қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен кәсіпкерлер бар.

Конференцияның ауқымы мен халықаралық деңгейі еліміздің ғаламдық ақпарат кеңістігімен интеграциясында ажырағысыз бөлігі болып табылады. Осы орайда Форум жұмысының арқасында Қазақстан халықаралық қоғамдастықта белгілі сарапшылар, әлемдік БАҚ және қоғамдық пікірдің көшбасшылары деңгейінде кең таныла бастады. Атап айтқанда, Форумды өткізу идеясы әлемдік жетекші медиа тарапынан қолдау тапты. ЕАМФ жұмысына 1500-нан астам аса беделді БАҚ-тың соның ішінде Euronews, CNN, BBC, Associated Press Television News, Forbes Kazakhstan, Esquire Kazakhstan, Reuters, Bloomberg, New York Times, Al Jazeera English, ИТАР-ТАСС, РИА «Новости», РБК, Russia Today, Первый канал, Atameken Business Channel, «Сіхан» және тағы да басқа ақпарат құралдарының өкілдері атсалысты.

XV Еуразия Медиа Форумының Бас серіктесі - «Самұрық-Қазына» АҚ, Әлеуметтік серіктесі - «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры.